

¹ М.Т. Тулеев *, ² Л.С. Динашева, ³ К.Т. Туганбаев

¹ PhD докторант, Қожжа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан E-mail: makhsat.tuleyev@ayu.edu.kz

² т.ғ.к., доцент, Қожжа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан E-mail: makhsat.tuleyev@ayu.edu.kz

³ Аға оқытушы, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы E-mail: kostugan77@gmail.com

1930-1940 ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ГРЕКТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АХУАЛЫ: КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Кеңестік тарихтың трагедиялық тақырыптарының бірі 1930-1940 жылдардағы халықтардың депортациясы болып табылады. Депортацияға ұшыраған ұлттар әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан түрлі қысымдарға тап болды. Бірқатар ұлттар ұзақ жылдар бойы екінші санатты топқа жатқызылып, сталиндік репрессияның құрбанына айналды. Сондай ұлттардың бірі гректер болып саналады. Бұл мақалада 1930-1940 жылдары Қазақстанның оңтүстік аймағына депортацияланған гректердің қарапайым өмірінің тарихи-әлеуметтік және құқықтық аспектілері қарастырылған. Бұл ретте гректердің ахуалын күнделікті өмір тарихы аспектісі тұрғысынан қарастыруға мән бердік. Депортация тарихы соңғы уақыттары тарих ғылымында үлкен маңызға ие болуда. Депортацияланған халықтардың әлеуметтік-тұрмыстық өмір бейнесін зерттеу арқылы тұтас қоғамдық ахуалдың даму барысын бағалауға қол жеткіземіз.

Гректердің Қазақстандағы қиын кезеңдеріне тарихи баға бере отырып, оның ұлтаралық қарым-қатынастарды нығайтудағы үлкен сабақ ретіндегі мәніне үңілеміз. Себебі, аталған дәуірде қазақ және грек ұлттары татулық пен өзара достықтың жарқын үлгісін көрсете алды.

Депортацияланған халықтардың күнделікті өмір процесін ғылыми талдау арқылы оның ерекшеліктері мен мәселелік тұстарын айқындай аламыз. Гректердің өмірі бұл бағытта үлкен мысалға айналады. Бұл тақырыпты зерттеудің басты өзектілігі сталиндік билік жүйенің саяси-идеологиялық қателіктерін түсіндірумен анықталады.

Түйін сөздер: депортация, гректер, тарихи тағдыр, тоталитарлық жүйе, репрессия.

М.Т. Тулеев *, ² Л.С. Динашева, ³ К.Т. Туганбаев

¹ PhD докторант, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясауи, Туркестан, Казахстан E-mail: makhsat.tuleyev@ayu.edu.kz

² к.и.н., доцент, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясауи, Туркестан, Казахстан E-mail: makhsat.tuleyev@ayu.edu.kz

³ Ст. преподаватель, Казахский Национальный Женский Педагогический Университет, г. Алматы, Республика Казахстан E-mail: kostugan77@gmail.com

СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ГРЕКОВ ДЕПОРТИРОВАННЫХ В КАЗАХСТАН В 1930-1940-Е ГОДЫ: ОСОБЕННОСТИ ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ

Аннотация

Одной из трагических тем советской истории является депортация народов 1930-1940-х годов. Нации, подвергшиеся депортации, сталкивались с различными социально-правовыми угнетениями. Ряд национальностей в течение многих лет относились к группе второй категории и становились жертвами сталинских репрессий. Одной из таких национальностей считаются греки. В этой статье рассматриваются историко-социальные и правовые аспекты обычной жизни греков, депортированных в южный регион Казахстана в 1930-1940-х годах. При этом мы придали большое значение рассмотрению ситуации греков с точки зрения истории повседневной жизни. История

депортации в последнее время приобретает все большее значение в исторической науке. Путем изучения образа социально-бытовой жизни депортированных народов достигаем оценки хода развития целостной общественной ситуации. Давая историческую оценку трудных времен греков в Казахстане, мы углубляемся в его значение как большого урока в укреплении межнациональных отношений. Потому что в эту эпоху казахская и греческая нации смогли показать яркий пример мира и взаимной дружбы. С помощью научного анализа процесса повседневной жизни депортированных народов мы можем выявить его особенности и проблемные моменты. Жизнь греков становится большим примером в этом направлении. Основная актуальность исследования данной темы обусловлена трактовкой политико-идеологических ошибок сталинской власти.

Ключевые слова: депортация, греки, историческая судьба, тоталитарная система, репрессии.

¹*M.T. Tuleyev* *, ²*L.S. Dinasheva*, ³*K.T. Tuganbayev*

¹ *PhD doctoral student, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan E-mail: makhsat.tuleyev@ayu.edu.kz*

² *PhD, Associate Professor, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan E-mail: makhsat.tuleyev@ayu.edu.kz*

³ *Senior Lecturer, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Republic of Kazakhstan E-mail: kostugan77@gmail.com*

SOCIO-LEGAL STATUS OF GREEKS DEPORTED TO KAZAKHSTAN IN THE 1930S AND 1940S: FEATURES OF EVERYDAY LIFE

Abstract

One of the tragic themes of Soviet history is the deportation of peoples of the 1930s and 1940s. The nations subjected to deportation faced various social and legal oppressions. A number of nationalities for many years belonged to the group of the second category and became victims of Stalinist repressions. One of these nationalities is considered to be the Greeks. This article examines the historical, social and legal aspects of the ordinary life of the Greeks deported to the southern region of Kazakhstan in the 1930s and 1940s. At the same time, we attached great importance to considering the situation of the Greeks from the point of view of the history of everyday life. The history of deportation has recently become increasingly important in historical science. By studying the image of the social and everyday life of the deported peoples, we achieve an assessment of the course of development of an integral social situation. Giving a historical assessment of the difficult times of the Greeks in Kazakhstan, we delve into its significance as a great lesson in strengthening interethnic relations. Because in this era, the Kazakh and Greek nations were able to show a vivid example of peace and mutual friendship. With the help of scientific analysis of the process of daily life of the deported peoples, we can identify its features and problematic moments. The life of the Greeks becomes a great example in this direction. The main relevance of the study of this topic is due to the interpretation of the political and ideological mistakes of the Stalinist government.

Keywords: deportation, Greeks, historical fate, totalitarian system, repression.

Кіріспе

КСРО тарихында 1980-жылдардың ортасына дейін әртүрлі ұлттарды күштеп депортациялау мәселесі мүлдем жабық тақырыптардың бірі болды. Себебі көпұлтты КСРО мемлекетінің қоғамының ынтымақта өмір сүріп жатқандығын әлемге танытпақ болды. КСРО құрамындағы одақтас республикалардың бірі болған Қазақстанда ұлт мәселесінің тағдыры шиеленісті жағдайда дамыды. КСРО билігі территориясы үлкен Қазақстанда ұлттық эксперимент жүргізу саясатын тиімді іске асырды. Бұл, тәжірбие жалпы Ресей империясының кезінде де орын алған болатын. 1920-1950 жылдары КСРО мемлекетін басқарған Сталин тұсында жекелеген тұлғалар мен тұтас ұлттардың тағдырына зиян тигізген саяси-идеологиялық әдістер қолданылды. Соның бірі ұлттарды депортациялау болып табылды. Бұл саяси машинаға ілінген көп ұлттардың бірі гректер саналды. Олар корей, неміс, шешен, түрік ұлттарымен қатар Қазақстанға депортацияланды.

Депортацияланған ұлттардың тарихи тағдырына ғылыми баға беруде күнделікті өмірге назар аудару маңызды болып табылады. Себебі, олар арнайы режим мен белгілі бір аумақта өмір сүруге мәжбүр болды. Олардың қоныстарында отбасы мүшелерінің барлығы бірдей әлеуметтік-құқықтық

мәртебеге ие болды. Балалардың мектепте оқуға мүмкіндіктері алынып тасталды. Азық-түліктің жетіспеушілігі қатаң сезілді. Адамдар өмір сүру үшін күрес ахуалын бастан кешірді.

Депортацияланған ұлттардың күнделікті өмір сүру салтын зерттеу және ғылыми талдау КСРО тарихының қарама-қайшылыққа толы кезеңдерінің шындықтарын ашуға көмектеседі. Гректердің тағдыры бұл бағытта үлкен мысалды құрайды. Осыған байланысты бұл мақаланың басты зерттеу нысаны ретінде олардың күнделікті өмір тынысы таңдалынды.

Әдебиеттерге шолу

Қазақстанға депортацияланған халықтардың тарихи тағдыры туралы зерттеулер 1990 жылдардан бастап жаңа деңгейге көтерілді. Бұл бағытта белгілі тарихшы М. Қозыбаевтың зерттеулері (Қозыбаев, 1991) маңызға ие болып табылады. М. Қозыбаев өзінің жарияланымдарында архив материалдарына сүйене отырып, депортацияға ұшыраған халықтардың Қазақстанға күштеп қоныстандырылуының себептерін айқындауға ұмтылған. Ж. Абылхожин [1] депортацияланған ұлттардың реабилитациялану процесінің тарихи өзектілігін анықтауға мән берді. Х.С. Алдажуманов [2] ғылыми еңбектері шекара маңындағы этностардың ішкі аймақтарға қоныстандыру процесстеріне арналған. Х. Алдажуманов депортация тізіміне ілінген ұлттардың Қазақстандағы күнделікті өмірі мен реабилитациялану мәселелеріне өзінің тұжырымдарын нақтылаған. Қазақстанға депортацияланған халықтардың демографияға тигізген әсері туралы мәселені қамтыған жарияланымдардың авторы Т. Омарбеков [3] болып табылады. Ресейлік ғалым В. Земсков [4] архив материалдары негізінде депортацияланған халықтардың демографиялық құрылымы мен ерекшеліктерін айқындауға көңіл аударды. Өзге ресейлік зерттеушілер Н.Ф. Бугай, А.М. Гонов [5] гректердің реабилитациялану мәселелерінің саяси-идеологиялық аспектілеріне терең үңілуімен айрықшаланады. Жоғарыда аталған зерттеушілердің еңбектері мен айтылған тұжырымдары депортацияланған халықтардың өмірі туралы жаңашыл ойлардың қалыптасуына септігін тигізді.

2. Әдіснама

Бұл зерттеу жұмысында тарих және гуманитарлық ғылымдардың пәнаралық әдістері кеңінен қолданылды. Салыстырмалы талдау әдісінің көмегімен гректердің күнделікті өмірінің әлеуметтік-құқықтық аспектілерінің басқа депортацияланған халықтардан айырмашылықтарына көз жеткіздік. Тарихи генетикалық әдіс гректердің депортацияға ұшырау процесінің тарихи негіздері мен себептерін анықтауға көмектесті. Тарихи жүйелік әдіс депортация мәселесі арқылы кеңестік жүйенің саяси-идеологиялық принциптерінің мазмұнын түсінуге жол ашты. Типология әдісі гректердің депортациялану құбылысынан хабар беретін құжаттарды мәні мен сипатына қарай топтастыруға жол ашты. Ретроспективті әдіс арқылы депортация мәселесінің бүгінгі таңдағы қоғамдық рөлі мен өзектілігін айқындауға қол жеткізе білдік.

3. Нәтижелері және талқылау

Кеңестік депортация саясатының бастапқы этаптары және басқа халықтарды Қазақстанға депортациялау саясаты

КСРО-дағы аз ұлт өкілдерін депортациялау саясаты соғысқа дейін күшіне енген болатын. ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдары осындай ретпен Қазақстанға КСРО-ның басқа өлкелерінен бұрынғы байлар, кулактар, діндарлар, ақсүйектер, патша өкіметі әкімшілік орындарында қызмет еткен шенеуніктер барлығы - 360 мыңдай адам жер аударылды [2] Қазақстан аумағы саяси жағынан алғанда кеңестік билік жүйесіне қауіпті саналғандарды жер аударуға қолайлы болды. Сондықтан, Кеңес үкіметі шекара маңындағы және саяси қауіпті деп тапқан халықтарды Қазақстан жеріне әкеліп орналастыра бастады. 1930-1950 жылдары КСРО аумағындағы түрлі ұлттарды депортациялау сталиндік репрессияның құрамдас бір бөлігіне айналды.

КСРО-да ең көп орын алған жаппай репрессиялық депортациялардың төмендегідей түрлері қолданылды: 1. 1934 жылға дейінгі кулактарды жер аудару кезінде арнайы көшірілгендер. 2. 1934-1944 жылдары міндетті еңбекпен депортациялау. 3. 1944 жылдан бастап «арнайы қоныс аударылғандар» деген атау қолданылды (Земсков, 2003: 49). Соғысқа дейін кеңес корейлері мен поляктары өздері тұратын аудандарынан мәжбүрлеу арқылы көшірілді. Ұлы Отан соғысының басталуымен кеңестік немістер мен финдер депортацияға ұшырады. Қауіптің алдын-алу шарасы бойынша Поволжье немістерінің автономды республикасы жойылды. Оларды Сібір мен Қазақстанның түрлі облыстарына жіберілді. Барлығы 1941-1942 жылдары Поволжье, Украинаның және Қырым жерінен еркінен тыс 1.2 млн немістер көшірілген [6].

КСРО-да 1930-1940 жылдардағы орын алған халықтар депортациясы қоғамдық – әлеуметтік форманың жоспарлы акциясына, халықты ұлттық тамырынан айыруды көздеген тағылық эксперимент, ғаламды қайта құру тәжірибиесіне айналды. Ал енді туған жерінен күш қолдану

арқылы көшірілген халықтың қаншасы Қазақстанға жер аударылды десек, ғалым М. Қозыбаевтың статистикалық мәліметтері қызығушылық тудырады (кесте 1).

Кесте 1: Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында және жылдарында Қазақстанға депортацияланған КСРО ұлттары

No	Ұлттардың атауы	Тарихи тұрғылықты жері	Саны
1	поляк	Украина, Беларус	102 мың
2	немістер	Повольже	361 мың
3	Солтүстік Кавказ ұлттары (шешен, ингуш, балкар)	Солтүстік Кавказ	507 мың
4	Месхетия түріктері	Грузия	110 мың

(Аблхожин, 1991: 238-239).

Жоғарыдағы кестедегі мәліметтер соғыс қарсаңында және жылдарында Қазақстанға 1 млн. жуық өзге ұлттардың депортацияланғандығын айқындайды. Бұл процесс Қазақстанның демографиялық ахуалына үлкен өзгерістер алып келгендігі сөзсіз. Жергілікті тұрғындардың күнделікті тұрмыстық өмірлеріне депортацияланған ұлттардың ықпалы жоғары болды. Депортацияға ұшыраған халықтар тарихына тереңірек үңілсек, Қазақстанға басқа халықтарды жаппай қоныстандыру 1937 жылдан басталғанын көреміз. Осы және бұдан кейінгі жылдарда қабылданған КСРО Халкомы Кеңесі шешімдері және НКВД-ның құпия құжаттарында шекаралас көрші капиталистік мемлекеттердің қаупінің төнуіне және «шпионаждықтың өрістеуіне» байланысты шекаралық аймақтарды тазарту үшін Қазақстанға күрдтер, түріктер, гректер, поляктар және т.б. ұлттар жер аударылған [7].

Кеңестер Одағында жаппай саяси репрессия саясаты белең алған тұста барлығы 3 млн астам адам депортацияланған. Олардың арнайы қоныстары негізінен Орталық Азия, Қазақстан, Сібір жерінде болды. Қазақстан республикасына жалпы жер аударылған 1 млн 200мың адам болды (Тоғжанов & Кан, 2015: 53). Сенімсіз этностар қатарына жатқызылып, күштеп жер аудартылып, осындай құрбандыққа ұшырағандардың қатарында гректерде болды.

Тарихшы З. Кабульдиновтың мәліметінде гректер Қазақстанға бірнеше кезеңмен жер аударылған: «первые депортированные греки были из Северного Кавказа. Поток переселения из этого района был 1937, 1938, а затем 1942 году. В 1944 году греков в Казахстан депортируют из территории Крыма. В после военное время в 1949 году греков депортируют из Абхазии и Грузии. Расселение греков происходило по всему Казахстану» [4].

Ал 1930 жылы Қазақстанға Сочи, Адлера, Лазаревский, Тупансе және т.б. жерлерден бай кулак ретінде тәрікіленген бірнеше жүз гректер көшіріліп келді. Гректерді Эмба поселкасына (Ақтөбе облысы), Осакаровка Қарағанды облысына (Тупансе жеріндегі Ксандопуланы отбасымен), Балхашқа (Сочилық Влондис отбасын) жіберді. Казанджи, Попандопуло, Апазиди, Сотиириади, Сопелиди, Сингуриди отбасыларын Алматы облысы Шелектен алыс емес селоға бөлді. Бұл кезеңде Қазақстанға тек Кубан жеріндегі гректер кулактар ретінде тәрікіленіп жер аударылды. Бұл бірінші рет кеңестік дәуірдегі бай кулак ретінде айып тағылып жер аударылғандар еді [5].

1937 -1938 жж. республика аумағына қудалауға ұшыраған гректердің жаңа толқынымен толықты. Шамамен екі жүзге жуық гректер Гулак лагеріне қамалды. НКВД ның грек операциясы Қазақстанда да іске асты. 1938 жылы Шымкентте Иван Георгиадиді тұтқындалып, ату жазасына кесілді, осындай жаза Түркістан қаласында Григория Христодулидиге де берілді (Джуха, 2008: 409-411).

Оңтүстік Қазақстан аумағына депортацияланған гректердің күнделікті өмірі (архив материалдары мен естеліктер негізінде)

1932 жылдың 19 ақпанында БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің шешімімен құрамында 19 ауданы бар Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы Шымкент қаласы болды (Облыстан 1938 жылы Қызылорда облысы [7] Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облысы деген атауы қайта берілді..Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы №702 Жарлығымен Түркістан облысы деп қайта аталды.

Общее количество греков, депортированных в 1942-1949 гг., составляет свыше 60500 человек, что видно из следующих слагаемых. По данным историка И. Джухи в 1942 году из Краснодарского края и Ростовской области и Азербайджана депортировано около 8000 человек. В 1944 году из Крыма 15000. В 1949 году с Черноморского побережья, Кубани и Азербайджана – около 37500. Свыше 60 тысячи человек – гражданин СССР и Греции подверглись насильственному переселению из мест традиционного проживания в Казахстан, Узбекистан, на Урал и в Сибирь [8]. Сонымен Гректер Қазақстанға бірнеше кезеңмен жер аударылды. Ең ауқымды және жүйелі түрде жер аударулар 1949 жылы болғандығына көз жеткіземіз.

Архив құжаттары бойынша 1949 жылы 20 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысының аумағына депортацияланғандар 16944 отбасын яғни 59398 адамды құрады. Олардың облыс бойынша еңбекпен қамтылу реті төмендегі кестеде көрсетілген (кесте 2).

Кесте 2: 1949 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына депортацияланған гректердің еңбек бөлінісі

No	Адам саны	Еңбек ету саласы
1	28084	ауыл шаруашылығы
2	6707	өнеркәсіп
3	1619	шаруашылық пен өнеркәсіптің басқа салаларында
4	3006	жұмыс істемейтіндер

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген мәліметтер облыс аумағында өмір сүріп жатқан гректердің 40% жуығының еңбекпен қамылғандығын анықтайды.

Оңтүстік Қазақстанға күштеп көшірілген ұлт өкілдерінің күнделікті өмір тіршілігіне байланысты архив құжаттары мен естеліктеріне назар аударсақ, төмендегі жәйттерді байқаймыз. Мәселен, Грузиядан Қаратас ауданына депортацияланған ұлты грек Саникидае Исмайл: «кеңес өкіметі күш қолдану арқылы Кавказдан көптеген халықты, соның ішінде біздерді де көшірді. Олар Қазақстанға келгенде жақсы өмір сүруді уәде еткенімен олай болмады, бізді алдады. Егер кеңестік билік болмағанда, біз жақсы өмір сүрер едік» деген, пікірін білдірді. Сонымен қатар ол биліктегілерді жаман сөздермен балағаттап, кеңес үкіметінің сол кезде жүргізіп жатқан теріс саясатын әшкереледі [9]. Қазақстанда депортацияланған гректердің бірі ауылдық жерге, біреулері қалалық жерге қоныстандырылды.

Тарихшы И. Джуха еңбегінде Ресей архив материалдарын бойынша 1949 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының 8 ауданынағы гректер 5551 отбасы - 24882 адам болды. Олардың 7510 ер адам, 8272 – әйел адам, 9100 –балалар (16 жасқа дейінгі) болды. Олар облыс бойынша Арыс - 1,554, Ильич - 6,550, Келес -1,494, Қызылқұм - 1,870, Киров - 4714, Пахтарал -3,624, Мырғалимсай - 5,076 қоныстандырылды [8, б. 41] деген мәліметтер береді.

1949 жылы облысқа көшірілген гректер азапты күндерді бастарынан өткізгендігі туралы Эльпида Васильевна Мухтарида (1925 жылы туылған) естелігінде: «Оңтүстіктің шөл даласына келгенде, тіпті ішетін ауыз суы болмады. Көшіп келгендер ағын суды ішіп, сонда кір жуып, жуынатын едік. Содан жаппай өлім жайлады, бірінші болып емізулі нәрестелер, ал кейін жаппай 3 жасқа дейінгі балалар мен әлжуаз жас өспірім балалар шетінен бірінен кейін, бірі өле берді. Бір күні Бүргем кенті жағынан алыстан екі қарайған нүкте көрінді. Бұл екі қазақ әжесі екен, олардың қолдарында сүт және айраны бар шелектері болды. Бірақ оларды біздің жаққа күзетші жібермеді. Олар айналып өтпек болған көрініс жасап, содан кейін біздің жаққа бұрылып, біздің арамызға келді. Олар алып келген айран, сүтті ішкен балаларымыздың өң бойына қан жүгірді. Бұл әжелер орыс тілінде ештеңе түсінбеді, ал біз сол кезде қазақ тілінде түсінбедік. Ия, қайғы кез келген тілде түсінікті, ал барлық аналардың көз жасы бірдей» деп еске алады [9].

Ал, Нина Михайловна Караянида (1915 жылы туылған) естелігінде: «... Бізді вагонмен, теміржол маңайындағы елді мекені жоқ айдалаға, шақшиған күннің астына алып келіп түсірді. Біз тұрған жерге келіп тоқтаған мәшинеден «Ашысай полиметалл» комбинатының директоры Ю.Д.Пиченюк түсті. Ол бізбен амандасып, осы елді мекені жоқ жерде Кентау қаласы салынады, сондықтан бәрінде

жұмыс, жалақы және т.б. жағдайлар болатындығы туралы айтты. Сөйтіп 6 күн бойы балалар, әйелдер, қарт адамдар барлығы 1949 жылдың маусымының аптапты ыстық күні, шыжыған күннің астында болды. Құрылыс материалдары мен құрылысқа қажетті саймадар 6-шы тәулікте жеткізілді, ер азаматтар жедел түрде шатырлар құру мен сарайлар салуға кірісті. Бір шатырда және салынған сарайларда бірнеше отбасылар жайғасты [8].

Архив құжаттарында Оңтүстік Қазақстан облысы Пахтарал ауданында арнайы қоныс аударылған гректердің басым бөлігі орналасқан 10 колхозында облыстық денсаулық сақтау бөлімі тарапынан жүргізілген тексеру нәтижесі бойынша гректердің 217 отбасы тексерілді. Олардың барлығы пәтер-лерде тұрды және бір бөлмеде бірнеше отбасы болып өмір сүрді. Ересектер және балалар суық еденде ұйықтады. Ал клубқа, мектепке және кеңсе бөлмелеріне орналастырылған грек отбасыларына ешқандай жағдай болмады. Суық бөлмелер, қыс мезгілінде адам тұруға мүлдем сай келмеді. Әсіресе Фрунзе колхозында арнайы қоныс аударушылардың 6 отбасы клубта, 1 отбасы кеңседе, 3 отбасы мектеп ғимаратында орналастырылған. Социалистік құрылыс колхозында 2 отбасы ашық дәлізде, 2 отбасы мал қорада тұрды. Қызыл таң колхозында 4 отбасы мектеп жасына дейінгі 5 балаларымен мақта қоймасында, 2 отбасы 4 баласымен колхоз кеңсесінде, 10 отбасы және 15 балаларымен клубта, 2 отбасы 7 баласымен мал қорада тұруға мәжбүр болды. Олардың тұрып жатқан пәтер, кеңсе, клуб, мақта сақтайтын қойма, мал қоралар ауасы лас, гигиеналық тұрғыдан адам тұруға сай келмейтін жағдайда екендігі анықталды [7].

Көп балалы аналарға колхоз басшылығы тарапынан көмек берілмеді. Социалистік құрылыс колхозында тұрмыстық жағдайы өте төмен 12 отбасы есепте тұрды. Мектеп жасына дейінгі балалар тіпті балабақша болғанымен де оған бармайды. Ал мектеп жасындағылардың аз ғана бөлігі мектепке барады. Денсаулығына байланысты тексерілген 60 адамның барлығының денсаулығы жоқ екендігі анықталды. Олардың барлығында дерлік глиста, ішек құрты, әйелдер арасында жатыр ауруы, бүйрек ауруы және бірнешеуінде жүрек ауруы анықталды. Антисанитария және климаттың күрт өзгеруінің нәтижесінде қоныс аударушылар арасында көптеген ауру түрлерін тудырды [9].

Архив материалдары бойынша да депортацияға ұшырағандардың жағдайы ауыр екендігі осы құжаттарда сақталған мәліметтерден байқауға болады. Осындай жағдай Киров ауданында да депортацияға ұшырағандар арасында дизентериямен ауырған 26 және қызылшамен (кор) ауырған 18 балалар табылды. Бұл ауданда ауруды емдейтін бірде-бір дәрігер болған жоқ. Архив материалдары бойынша Оңтүстік Қазақстан аумағында депортацияға ұшыраған 10-нан астам ұлт өкілдерін облыстың аудандары бойынша қоныстандырылды. Ильич, Пахтарал, Киров, Қызылқұм аудандарында гректер, (олардың көбісі кеңес азаматтары болмады) және қарашайлар, Арыс және Түркістанда - гректер мен шешендер, Түлкібас, Георгиевка, Қаратас, Сарыағаш, Бостандық аудандары және Ленгер қаласында негізінен жер аударылған шешендер және немістер, Сайрам және Шымкентте қарашай, грек және түріктер қоныстандырылды. Жер аударылған ұлттардың ішінде гректерден басқалары Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында бес жылдан астам тұрып жатты. Гректердің басым бөлігі облыс аумағына 1949 жылы көшірілді [10].

Тоталитарлық жүйе күшпен қоныс аударған гректердің тағдырына жазылмас жара, өшпес із қалдырды. Оларды депортациялау барысында жол жөнекей көрген азапты күндері жайында грек әйелі Нона Ерифради: «Батуми қаласы, 1949 жылдың маусым айының соңына таман біздің үйге түн ортасында әскери адамдар кіріп келді. Олар бір сәтте үйді тіңту жүргізіп, бәрін астан - кестен қылды. Әкем олардан «Не іздеп жатырсыздар?» деп сұрады. Олардан қысқа ғана жауап «қару» деген дауыс естілді. Әскерилер бізге жиналыңыз сіз және отбасыңыз бұл жерден көшіріледі деді. Анам грек ұлтынан болмағандықтан оны қалдырды. Депортацияға ұшыраған ұлтармен бірге әкемді вагонға отырғызғанда балаларды есептемегенде бір вагонда 60 адам болды. Оларды Қазақстанның оңтүстігіндегі Темір станциясына алып келді. Вагоннан түсуге қарсылық көрсеткеніне қарамай жүк тиейтін мәшинелерді алып келіп, бала, әйел, қарт демей бәрінің заттарын далаға лақтырған. Вагон ішінде қатты айғай шу болған, бір жас қыз бала «Мен комсомолмын, мазақ етуді доғарындар! Мен наразылық білдіремін» деп айғайлағанына қарамай, басынан бір ұрып, тыныштандырды. Оларды Оңтүстік Қазақстан облысы Шәуілдірге алып келгеннен кейін мамандығы бар: медсестра, дәрігер, инжинер, құрылысшыларды іріктеп алып қалып, ал қалғандарын колхоздарға жіберген. Әкем аудандағы колхоздардағы ауырған шопандарды емдеп жүріп, өзі қатты науқастанып қалғаннан кейін, оны Шымкент қаласындағы емханаға жібереді. Емделіп жазылғаннан кейін әкем осы қалада қалады. Анам мен інім үшеуміз әкемді іздеп осы қалаға [11]

Ал, Лазерь Андреевич Культупидиди кішкентай кезінде анасымен Батумиде тұрған. 1949 жылы маусым айында түнгі сағат үште қаруланған жауынгерлер келіп, оларды депортациялайтындығы туралы айтады. Анасының төлқұжатын тексеріп, жер аударылатындар тізіміне қателік кеткенін,

олардың отбасы әрі қарай осы жерде тұра беретіндігін айтты. Анам соғыс жылдарында әскери заводта жұмыс істеді, «Ерен еңбегі үшін» деген медальмен марапатталған. Анам барлығымен бірге кетуді дұрыс деп санап өз еркімен арыз жазды. Жол жөнекей, тәулік бойы сусыз, есік терезесі жабық вагондарда отырдық. Жолға шығуға еш дайындықсыз біреулерін жол бойынан, бірі жұмыстан, ал енді біреулерін қонақта отырған жерінен алып келіп, әртүрлі вагондарға мінгізгендіктен, оларда отбасылармен кездесуге мүмкіндік болмады. Тиелген вагондағы адамдарға тек Қазақстан даласына келгенде далаға шығуға рұқсат беріліп, қашып кеткендерге 25 жыл түрмеге тоғытылатыны туралы ескерту жасалды. Культупиди отбасын Шауілдірге әкеліп, оларды мал қораға жайғастырды. Берілген не тамақ, не жұмыс болмады, аш, ұзақ жолдан шаршап шалдыққан гректер бас көтеріп, наразылық білдірді. Біраз күндерден кейін Шәуілдірге керек мамандарды жұмысқа алу мақсатында Шымкент қаласының кәсіпорындарының өкілдері келді. Солармен бірге Култупиди және жүздеген отбасылары Шымкентке келдеді. Қазармалық режим 50-ші жылдардың ортасына дейін сақталды, сондықтан оларға Кентау, Шардара, Мақтарал аудандарында туысқандарымен көрісуге мүмкіндік болмады, тек грек тілінде хат жазып тұрды.

Лазерь Андреевич гректерге тарихи отандарына қайтуға рұқсат берілген уақытта көкесінің бірден елге қайтқандығын, ал өзінің анасымен бірге Қазақстан жерінде қалғандығын еске алады [6]. Бүгінде Қазақстандағы «Ирини» грек мәдени орталығының басшысы Дмитрий Сидиропуло ата-аналарымен 1949 жылы Кентауға көшірілген, онда жұмыс табылмағандықтан оларды Түркістанға көшуге рұқсат етіліп, үй құрлысын салуға жер телімі берілді. Оның отбасымен көрші болып Қазақстан халық әртісі, әнші Лаки Кисоглудың ата-аналары тұрды. Түркістандағы теміржол вокзалы мен мешіт арасында қалыптасқан үлкен көшеге гректер көшесі деген ат берілді. Бүгінде гректер ол жерде тұрмаса да, күні бүгінге дейін ел арасында гректер көшесі деген ат сақталған. Бүгінде оның балалары Грецияда тұрады, бірақ ол өзі үшін Қазақстаннан артық өлке жоқ деп санайды [5]. Қазақстанның халық әртісі, Лаки Кисоглу: « когда нашу семью выселили из моего родного города Батуми, мне было 10 лет, - вспоминает певец. – Так мы очутились на станции Тимур Шаулдерского района Южного Казахстана. Мы впятером и еще несколько семей поселились в какой-то мазанке. Воду брали из грязного арыка. Я помню, мы с дедушкой собирали в поле верблюжью колючку и обогревали ею жилище. Конечно, мы были в шоке: представьте, жили на берегу моря, где росли пальмы и все благоухало. И вдруг оказаться в степи! Это тяжело было пережить. После того как в 1956 году нас уравнили в правах и мы больше не считались спецпереселенцами, мои родители и брат вернулись в Батуми, а я остался в Казахстане. Для себя я решил, что здесь моя родина [9].

Жүз мыңдаған Қазақстанға күшпен қоныс аударылған ұлттарың жағдайлары ауыр болды, олар өздерін және отбасыларын күту мүмкіндігінен, туған туыстарымен араласу, олардың қолдауынан айрылды. Көптеген отбасыларды күштеп жер аудару ауыр трагедия болды, олардың көбі әйелдер, кәмелетке толмаған балалар және қариялар болғандықтан жол бойында ауырып, ажал құшты. Депортацияға ұшыраған гректердің ер азаматтарының көп бөлігі соғыс майданынан қайтпай қалғандар және соғыстан кейінгі жылдарда әскери қызметте болды [10].

Архив материалдарында 1949 жылы гректердің көпшілігі колхозда жұмыс істеп, бір күндік жұмысының ақысына 800 г – 1 кг аралығында бидай алғандығы көрсетілген. Ал Андреев колхозында құрылыста жұмыс істейтіндер күндігіне 2 кг бидай, 0,5 л сүт, 1 кг картошка алады, Алғабас совхозында басым бөлігі 1 кг бидай және 1 кг піскен нан алады. Интернационал колхозында 1 кг бидайдан басқа сүт берді [11].

По данным книги И. Джухи в годы сталинских пятилеток в этих местах усилиями заключенных вырыли канал, напоивший пустынное земли водой. Окрошенные земли теперь занимали большую часть сельхозугодий в Пахта –Аральском, Кировском и Ильичевском районах. И хотя основную культуру здесь составлял хлопок, к концу 1949 года сады и виноградники занимали площадь 647 гектаров. Отделение совхоза «Пахта – Арал» выращивало лучшие промышленные сорта яблок. Сады и виноградники напоминали батумских и сухумских греками их родину [12].

Сталиндік қуғын-сүргін жылдары шаруашылықтың түрлі салаларында арзан жұмыс күші ретінде жер аударылған халықтардың еңбегін пайдалану тәжірибесі, жұмысшылардың тапшылығы айқын сезілген Екінші дүниежүзілік соғыс және соғыстан кейінгі жылдары тіптен күшейе түсті.

Архив құжатарында Василии Харитонович Папондопула өзінің 1949 жылы заңсыз күштеу арқылы Абхазиядан көшіру кезінде сол жерде қалған дүние мүлкін қайтару бойынша КСРО-ның Бас прокурорына жазған арызы Абхазия республикасының прокурорынан Гульрипшски аудандық атқару комитетінің председатели Бокерияға жіберілген. Алайда 11 ай өтседе, ешқандай жауап келмегеннен кейін КСРО СІМ Шепеловқа жазған арызында: «Бокерияның еңбекшілер өтінішіне

жауапсыздықпен қарауы, оның бұрынғы саясаттан арылмағандығын және заңсыз депортацияланған біздің дүниемізді қайтаруға немқұрады қарағандығын көрсетеді. Совет үкіметінің шешімімен бізден, яғни кінәсі жоқ азаматтардан территориялық оқшаулықты алып тастады және маған бұрынғы тұрған жеріме көшуге рұқсат берілді. Мен өзімнің еңбек жолымды туып өскен Грузияда емес, Қазақстанда жалғас-тырғанымды сізге баяндап отырмын. Кеңестік үкіметінің Конституциясы тұрғысынан алғанда қарапайым халықтың еңбегі мен дүние мүлкі заң бойынша қорғалады. Алайда, мен Бокерия тарапынан ешқандай көмек көріп отырған жоқпын. Сізден көмек беруіңізді сұранамын». Кентау қаласы Гаражная көшесі №167 үйдің тұрғыны В.Х. Папондопула өзіне тиесілі дүние мүлкін осындай толассыз хаттар мен арыз жазып жүріп өзіне қайтарған [9].

Бірақ қанша компенсация бергенімен, олардың жүрегінде қалған жараны ешқандай ақшалай көмек берумен өшіру мүмкін емес еді. КСРО Министрлер Кеңесінің 1956 жылы грек ұлтының депортациялану барысында тартып алынған мал мүліктерін қайтарып беру туралы шешімі бойынша грек ұлтының кеңестік азаматтары ғана компенсация алды. Облыс бойынша гректер ең көп қоныстанған Кентау қаласы еді. Облысқа депортацияланған гректерге өте ауыр жағдайда болғанына қарамастан, олар ауа райы мен әлеуметтік ортаға бейімделе бастады. Арнайы қоныстанушылар көршілерін, кәсібін, тұрғылықты жерін өз бетінше таңдай алмады, сондықтан қиын жағдайда болса да, біртіндеп бейімделу процесі жүзеге асты. Ересектер үшін арнайы қоныс аударушылардың бейімделуі негізінен жергілікті тұрғындармен бірлескен жұмыс барысында біртіндеп қалыптаса бастады. Жергілікті халық депортацияланған гректерге алғашында азық түлігімен бөлісіп, тұрғын үй салуға көмектесті [1]. Гректердің Оңтүстік Қазақстандағы Кентау қаласының құрылысына салудағы қосқан үлесі және Ащысай полиметалл кен орнын игерудегі еңбектері зор болды.

Кентау - Кеңес Одағының 1950 жылдары қарқынды дамып келе жатқан қала құрылыстарының бірі болды. Бұл қаланың құрылысын депортацияланған гректер, шешендер, немістер, татарлар және жергілікті тұрғындар қазақтар, өзбектер тұрғызды. Қала құрылысына жапон және неміс әскери тұтқындары да қатысты. Сол кезден бастап ол Кентау қаласының құрылысы мен оның инфрақұрылымы бойынша ауқымды жұмыстарды бастады. Кентау қаласы – Ащысай полиметалл комбинатына қарасты Мырғалымсай кен орны маңында 1955 жылы бой көтерген шағын өндірістік қала [4, б. 36]. 1959 жылғы санақ бойынша қала халқының арасындағы қазақтар мен орыстардан кейінгі ірі этникалық топтардың бірі – грек ұлтының өкілдері, 1970 жылғы және 1979 жылғы санақтар бойынша жеке ұлт ретінде нақты сандары көрсетілмеді және кеңестік ұлт саясатына байланысты қала халқының құрамына еңбей қалды. Бұл сталиндік қуғын-сүргін жылдары жалған жаламен тарихи отандарынан Кентауға жер аударылып, қиын кезеңдерді бастан кешірген және енді еңсесі көтерілген грек ұлты өкілдеріне жасалған кезекті қиянаттардың бірі болатын. Туған жерінен, елінен айрылған әртүрлі ұлттар қалай болғанда да келген жеріне, ортаға бейімделуге мәжбүр болды. Алайда 1970 жылы республика бойынша жүргізілген санақ бойынша Қазақстанда 51 мыңнан астам гректер өмір сүрсе, олардың 46,3% Оңтүстік Қазақстан облысында өмір сүрді [4].

1989 жылғы санақ бойынша КСРО бойынша 358 мың гректердің 47 мыңы Қазақстанда тұрды. Гректердің ЭОС ұйымы Алматыда, Шымкентте, Жамбылда құрылды. Алматыдғы грек мәдени орталығы 1989 жылы заңды түрде тіркелді. Бұл ұйым, грек қоғамы болып құрылып «ЭОС» деп аталды, оны басқарумен С.Г. Космериди айналысты [5]. 1990 жылдары гректердің құқықтық шектеулері алынып, өз атамекендеріне оралуға мүмкіндік туды. 1930-1950 жылдары гректер құқықтық-әлеуметтік және моральдық тұрғыда үкен қиыншылықтарды бастан кешірді. Олар өз тарихи отандарынан Орталық Азияға күшпен депортацияланды. Гректер жаңа аймақтың климаты мен мәдениетіне тез бейімделе алды. 1990 жылдары КСРО тарған сәтте өздерінің тарихи отандары Грекияға қайтуға жан-жақты мүмкіндік алды. Бұл тарихи процеске Қазақстан Республикасының ұлтаралық саясаты да үлкен ықпалын тигізді.

Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті Н. Назарбаев Қазақстан халқы ассамблеясының IV сессиясында жасаған баяндамасында жер аударылғандардың санының 1 миллион 200 мың екендігі туралы деректі атап өткен болатын. Қазақстан жеріне КСРО аумағын мекендеген немістердің 38%-ы, шешен мен ингуштардың 83%-ы, кәрістердің 59%-ы, балқарлардың 55%-ы, қарашайлардың 58%-ы, гректердің 76%-ы, курдтардың 62%-ы күшпен қоныс аударылды. Қоныстанушылар іс жүзінде Қазақстанның барлық облыстарына орналастырылды [3] Тарихи отанына қайтпай, тұрақтап қалған грек ұлт өкілдерінің көпшілігі Түркістан облысының қалаларында әлеуметтік тұрғыда жан-жақты қамтамасыз етілген жағдайда өмір сүруде. 2009 жылғы халық санағының мәліметтері бойынша Қазақстанда 9000-ға жуық гректер тұрады немесе республиканың бүкіл халқының жалпы санынан 0,06% құрайды [5].

Грек мәдени орталықтары Қазақстанның мәдени-гуманитарлық салаларында маңызды рөл ойнайды. Қоғамдық жұмыстарда белсенді іс-әрекет танытып, ұлтаралық татулықтың ынтымақтасуына септігін тигізуде.

Қорытынды

Мақаланы қорытындылай отырып, депортация процесінің гректердің күнделікті өмір салтын күрт өзгерткендігіне көз жеткіздік. Оларға Орталық Азияның қатаң климатына бейімделуге тура келіп, жергілікті азық-түлікпен қажеттіліктерін қанағаттандырды. Депортация мәселесі әсіресе жас балалардың психологиялық санасына ауыр әсер етті. Гректердің күнделікті тіршілігінде жергілікті қазақ, өзбек, орыс ұлттарының қарым-қатынастары үлкен рөл ойнады. Жергілікті ұлттар тарапынан жылы қабылдану, гректердің режимдік өмірін аз да болса жеңілдеткендегі сөзсіз.

Гректердің 1930-1950 жылдардағы күнделікті өмірі бүгінгі қазақстандық және шетелдік гректердің жоғары қызығушылығын тудыруда. Бұл бағытта Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұлтаралық татулық саясаты маңызды орынға ие. Бүгінгі таңда Қазақстандағы гректердің мәдени-тарихи ұйымдары табысты жұмыстар атқаруда. Олар өткен тарихының түрлі кезеңдерін зерттеу мен насихаттауға басты назар аударады. Қазақстанның тарих ғылымының өкілдері гректердің депортациялану мәселесін зерттеуге кешенді ғылыми мәселе тұрғысында қарайды. Бұл алдағы уақыттағы жұмыстардың сапалы әрі тиімді жүзеге асуына септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алдажұманов Х., Алдажұманов Е.К. «Депортация народов – преступление тоталитарного режима. Депортация народов и проблема прав человека.// Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. — Алматы, «Арыс» Казахстан», 1998. 428.
2. Кабульдинов З. Народы Казахстана: история и современность. —Астана: издательство Арман-ПВ, 2012. 200 с.
3. Ковалева Л. Греки в Южном Казахстане Печаль моя, кремень же. Южный Казахстан. 2003. 26 февраль. №25-26(17625- 626). С. 2-3.
4. Джуха И. Г. Греческая операция : история репрессий против греков в СССР. — Алетейя, 2006.
5. Земсков В. Спецпоселенцы в СССР 1930-1960 гг. М.: Наука, 2003. С. 306.
6. А.Н. Алексеенко, Ж.С. Аубакирова. Население Казахстана в 50-80-е годы XX века: Демографический взрыв и особенности этносоциальных эволюций. Вестник НГУ. Серия: история, филология. 2017. Том 16, № 8. [127-142 б.]
7. Абылхожин Ж. История Казахстана: Белые пятна. Сборник статей. – Алматы. 1991. - 348с.
8. Демографический ежегодник Казахстана. Алматы: Госкомстат РК, 1996. 250с. [15, 23 б]
9. Курганская В.Д. Казахская модель межэтнической интеграции. Алматы, 2008. [14 б]
10. Малинин Г.В. Теория и практика меэтнического и межкультурного взаимодействия в современном Казахстане: учеб. пособ. для вузов. Алматы: Дайк-Прес, 2010. [8, 9б.]
11. Еремін А. Греки в Казахстане. Мысль. Общественно–политический ежемесячный журнал. Алматы. 1994. №5. С -45-49.
12. Альшанская Анна. Демографическое развитие Казахстана: анализ основных трендов. Режим доступа: <https://strategy2050.kz/ru/news/demograficheskoe-razvitie-kazahstana-analiz-osnovnykh-trendov/> (21.11.2022)

References

1. Aldazhymanov H., Aldazhymanov E.K. «Deportaciya narodov – prestuplenie totalitarnogo rezhima. Deportaciya narodov i problema prav cheloveka.// Deportirovannye v Kazahstan narody: vremya i sud'by. — Almaty, «Arys» Kazahstan», 1998. 428.
2. Kabul'dinov Z. Narody Kazahstana: istoriya i sovremennost'. —Astana: izdatel'stvo Arman-PV, 2012. 200 s.
3. Kovaleva L. Greki v YUzhnom Kazahstane Pechal' moy, kremen'zhe. YUzhnyj Kazahstan. 2003. 26 fevral'. №25-26(17625- 626). S. 2-3.
4. Dzhuha I. G. Grecheskaya operaciya : istoriya repressij protiv grekov v SSSR. — Aletejya, 2006.
5. Zemskov V. Specposelency v SSSR 1930-1960 gg. M.: Nauka, 2003. S. 306.
6. A.N. Alekseenko, Zh.S. Aubakirova. Naselenie Kazahstana v 50-80-e gody XX veka: Demograficheskij vzryv i osobennosti etnosocial'nyh evolyucij. Vestnik NGU. Seriya: istoriya, filologiya. 2017. Tom 16, № 8. [127-142 b.]
7. Abylhozhin Zh. Istoriya Kazahstana: Belye pyatna. Sbornik stat'ej. – Almaty. 1991. -348s.

8. *Demograficheskij ezhegodnik Kazahstana*. Almaty: Goskomstat RK, 1996. 250 s. [15, 23 b]
9. Kurganskaya V.D. *Kazahstanskaya model' mezhetnicheskoy integracii*. – Almaty, 2008. [14 b]
10. Malinin G.V. *Teoriya i praktika meeetnieskogo i mezhkul'turnogo vzajmodejstviya v sovremennom Kazahstane: ucheb. posob. dlya vuzov*. – Almaty: Dajk-Pres, 2010. [8, 9b.]
11. Eremin A. *Greki v Kazahstane*. *Mysl'. Obshchestvenno-politicheskij ezhemesyachnyj zhurnal*. – Almaty. 1994. №5. S -45-49.
12. Al'shanskaya Anna. *Demograficheskoe razvitie Kazahstana: analiz osnovnyh trendov*. Rezhim dostupa: <https://strategy2050.kz/ru/news/demograficheskoe-razvitie-kazahstana-analiz-osnovnykh-trendov/> (21.11.2022)